

FTAMP 03.61.00.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.21>**М.Қ. Кипиев** 

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы, Қазақстан, Атырау қ.  
e-mail: mkipiev@yandex.ru

## **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛУ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕ ДЕЙІНГІ АВТОРЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША**

Мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақтардың жерлеу және еске алу әдет-ғұрыптарына қатысты қазан төңкерісіне дейін жарық көрген тарихи-этнографиялық деректер мен материалдар берілген.

XVIII ғ. I жартысынан бастап батыс өңірі қазақтарының тұрмысы мен салт-дәстүрі туралы алғашқы деректер Ресей империясының әскерилер мен елшілерінің қазақ даласына жасаған сапарлары барысында жинақтала бастады. Алғашында саяси мақсаттарда жасалған арнайы «зерттеулер», кейінгі кезеңде саяхатшылар мен саудагерлердің, патшалық Ресейге қызмет еткен әртүрлі әкімшілік өкілдері мен шенеуніктердің көшпелілердің тұрмысы туралы өз көзімен көрген жазбаларына жалғасты. Мақалада өңірді мекендеген көшпелілердің отбасылық салт-дәстүріне жататын жерлеу мен еске алу рәсіміне қатысты XVIII ғ. II жартысынан бастап Ресейде жарық көрген француз, орыс, неміс, қазақ авторларының еңбектері мен мақалалары көрініс тапқан.

Материалдарда Батыс Қазақстан қазақтарының жерлеу және еске алу әдет-ғұрыптарына қатысты естірту, жоқтау, жуындыру, қабірін қазу, жаназасын шығару, жерлеу, моласын тұрғызу, ас беру рәсімдері туралы мәліметтер жан-жақты қамтылған. Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген аталған тарихи-этнографиялық материалдарда көшпелілердің әдет-ғұрыптары мейлінше шынайы сипатталған. Осыған орай, қазіргі уақытта олардың барлығы зерттеушілер үшін ерекше деректік маңызға ие.

**Түйін сөздер:** Батыс Қазақстан, этнография, қазақтар, жерлеу және еске алу әдет-ғұрыптары.

M.K. Kipiev

Center for the study of the historical and cultural heritage of the Atyrau region, Kazakhstan, Atyrau,  
e-mail: mkipiev@yandex.ru

### **Funeral and memorial rituals of the Kazakhs of Western Kazakhstan: based on materials from the authors of the pre-revolutionary period**

The article presents historical and ethnographic data and materials published before the October Revolution, concerning the funeral and memorial rituals of Kazakhs in the Western region of Kazakhstan.

Starting from the 1st half of the 18th century, the first information about the life and traditions of the Kazakhs of the Western region began to accumulate during trips to the Kazakh steppe of the military and ambassadors of the Russian Empire. Special «surveys», originally created for political purposes, in a later period were continued in the notes of travelers and merchants, representatives of various administrations and officials who served imperial Russia, who personally saw the life of nomads. The article reflects the works and articles of French, Russian, German, Kazakh authors, published in Russia since the second half of the 18th century, concerning the funeral and memorial rituals of the nomads who inhabited this region.

The materials comprehensively contain information about the funeral and memorial rituals of the Kazakhs of Western Kazakhstan, notification of the death, mourning, washing, excavation of graves, reading memorial prayer, burials, erection of graves, meals in relation to the dead. The named historical and ethnographic materials published before the October Revolution most reliably describe the customs of nomads. In this regard, at present all of them are of special source-research importance for researchers.

**Key words:** Western Kazakhstan, ethnography, Kazakhs, funeral and memorial rituals.

М.К. Кипиев

Центр исследования историко-культурного наследия Атырауской области, Казахстан, г. Атырау,  
e-mail: mkipiev@yandex.ru

### **Погребально-поминальные обряды казахов Западного Казахстана: по материалам авторов дореволюционного периода**

В статье представлены историко-этнографические данные и материалы, опубликованные до Октябрьской революции, касающиеся похоронно-поминальной обрядности казахов Западного региона Казахстана.

Начиная с I-й половины XVIII века первые сведения о быте и традициях казахов Западного региона стали накапливаться в ходе поездок в казахскую степь военных и послов Российской империи. Специальные «исследования», первоначально организованные в политических целях, в более поздний период были продолжены в заметках путешественников и торговцев, представителей различных администраций и чиновников, служивших царской России, которые воочию видели быт кочевников. В статье отражены труды и статьи французских, русских, немецких, казахских авторов, изданные в России со II-й половины XVIII в., касающиеся похоронных и поминальных обрядов кочевников, населявших регион.

В материалах всесторонне содержатся сведения о погребально-поминальных обрядах казахов Западного Казахстана, оповещение о кончине, оплакивание, умывание, раскопках могил, чтение заупокойную молитву, погребений, возведения могил, трапез в отношении умерших. В названных историко-этнографических материалах, опубликованных до Октябрьской революции, наиболее достоверно описаны обычаи кочевников. В связи с этим в настоящее время все они имеют особое источниковедческое значение для исследователей.

**Ключевые слова:** Западный Казахстан, этнография, казахи, погребально-поминальная обрядность.

### **Кіріспе**

Дәстүрлі қазақы ортада осы күнге дейін жалғасып келе жатқан отбасылық әдет-ғұрыптарының бірі өлген адамды жерлеуге қатысты жосын-жоралғылар болып табылады. Осы орайда, басты тақырып ретінде батыс өңірі қазақтарын таңдауға бұл аумақтың басым бөлігінің географиялық орналасуы жағынан Ресеймен шектесіп жатқандығы да әсер етті. Тақырыпқа қатысты алғашқы мәліметтер XVIII ғ. II жартысынан бастап ресейлік зерттеушілердің қазақтар мен қазақ даласы туралы жазған еңбектерінде кездеседі. XIX ғ. бастап жерлеу ғұрпының жосын-жоралғыларына қатысты мәліметтер жекелеген авторлардың монографияларында кіші тақырыптар ретінде беріліп, мақалалар түрінде жазыла бастайды. Тақырыпқа қатысты тарихи-этнографиялық материалдың жаппай жарық көруіне патшалық Ресейдің қазақ даласына жүргізген отарлау саясаты өз әсерін берді. Өйткені сол кезеңдегі авторлардың негізгі бөлігі қазақ даласында іс-сапарда болған немесе күнделікті қызмет бабында көшпелілермен жақын араласып, олардың тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көрген орыс зерттеушілері мен шенеунік қызметкерлер болды. XIX ғ. II жартысынан қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақтардың өлген адамдарды жерлеу мен оған ас беру рәсіміне қатысты арнайы этнографиялық зерттеу

мақалалар жарыққа шығады. Олардың арасында Ы. Алтынсариннің (Алтынсарин, 1870: 117-122), И.И. Ибрагимовтың (Ибрагимов, 1876: 51-63), А. Диваевтың (Диваев, 1897: 181-187) еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Қазан төңкерісіне дейін шыққан материалдардың көптігін ескере отырып, олардың ішінен Қазақстанның батыс өңірінің қазақтары туралы жазған авторлардың еңбектері таңдалып алынды.

### **Материалдар және әдістер**

Мақаланы жазу барысында оған енген деректер мен материалдарды ғылыми тұрғыдан сараптау, талдау, жинақтау, тарихи-салыстырмалы, сыннан өткізу және қорыту әдістері қолданылды. Сондай-ақ, ғылыми тарихи принциптік, өркениеттік пен тарихи ұстанымдар мен концептуалдық ережелер, танымдық теория негіздері басшылыққа алынды.

Батыс Қазақстан қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптарының бірі өлген адамды жерлеу және еске алуға қатысты жосын-жоралғылар туралы құнды тарихи-этнографиялық материалдар негізінен қазан төңкерісіне дейін жарық көрді. Тақырыпқа қалам тербеген авторлар дәстүрлі қазақ қоғамында қайтыс болған адамға қатысты жасалатын естірту, жоқтау, жуындыру, қабірін қазу, жаназасын шығару, жерлеу, мола-сын тұрғызу, ас беру рәсімдері туралы көрген

және естіген мәліметтерін мейлінше шынайы берген. Дегенмен, мақалаға деректік негіз болған авторлардың барлығында бірдей аталған жосын-жоралғылар түгел қамтылған деп айта алмаймыз. Сондай-ақ, XIX ғасырдың II жартысынан бастап шыққан бірқатар материалдарда көшпелілердің жерлеу мен ескі әдет-ғұрыптары аумақтық ерекшелікті көрсетпестен жалпылама берілген. Осыған орай, тарихи принциптік негізінде аталған кезеңдегі материалдар тақырыпқа сәйкестігі тұрғысынан жинақталып, талданып, сарапталды.

### Нәтижелер мен талдаулар

Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақтардың жерлеу рәсіміне қатысты деректік маңызы бар тарихи-этнографиялық материалдардың алды XVIII ғ. II жартысынан бастап академиялық жинақтардан көрініс табады. Олардың ішінде Қазақстанның батыс өңірінде экспедициялық зерттеулер жүргізген академик П.С. Палластың еңбегінде қазақтардың жерлеу ғұрпына қатысты бірқатар мәліметті кездестіреміз. Академиктің жазуынша, қазақтар өлген адамның солтүстікке қаратылған бас жағына үлкен қада қойып, оны қабірдің үстіне топырағын үйіп болғанға дейін ұстап тұрып, кейін суырып алып үлкен ойық қалдырған. Жерлеу мәселесіне келгенде, көпшілік бөлігі әулие адамы бар қорымға немесе ескі мешіт төңірегін таңдаған. Себебі, аталған екі киелі орынның айналасында көптеген ескі молалар болған (Паллас, 1773: 586).

Осындай жердің біреуін П. Паллас Гурьев қаласының маңынан кездестіреді. Оның ойынша Гурьевтен батысқа қарай 2 шақырымдай қашықтықта жатқан гисті тау қазақтар үшін киелі саналған. Себебі, ол жерде әулие адамның зираты болғандықтан, қазақтар бас қосып жиналмаса да, өлген адамды жерлеуге жиі әкеліп тұрған (Паллас, 1773: 620-621). П. Паллас сипаттаған кезеңде қазақтарға Жайықтың оң жақ жағалауына көшіп-қонуға шектеу қойылғандығын ескерсек, әулие тұтатын ата-баба зиратына жерлеу мәселесіне келгенде, кез келген шектеулердің өзі кедергі бола алмайтындығын аталған деректен аңғаруға болады.

XIX ғ. басынан бастап қазақтардың жерлеу рәсіміне қатысты мәліметтер монографиялар мен өзге де басылымдарда көптеп жарық көре бастайды. Оның ішінде қазақтардың жерлеу ғұрпы мен кәдесін өткізу рәсіміне алғашқылардың бірі болып арнайы тақырып арнаған тарихшы А. Левшиннің еңбегін атап өткен жөн. Ол қазақтардың өлген адамды жерлеу рәсімі

мен одан кейінгі аза тұту, жылдық асын беру жоралғыларын барынша жан-жақты сипаттаған. Тарихшы қазақтарға қатысты кітабын Орынбор шекара комиссиясында қызмет еткен кезінде жазғанын ескерсек, еңбегіндегі негізгі оқиғалар Кіші Жүз немесе Батыс Қазақстан қазақтарымен тікелей байланыста өрбиді. Осының ішінде бір ғана мысал ретінде о дүниелік болған адамға ас беру рәсімінің қандай көлемде өткізілетінін білу үшін зерттеуші еңбегінің мына бір жолдарына тоқталсақ. Мәселен, А. Левшин өзі көрмесе де Кіші Жүздегі атақты Сырым батырға берілген аста 2500-ден астам қой мен 200-ге жуық жылқы сойылып, 5000-ға дейін шелек қымыз ішілгендігін тандана жазады (Левшин, 1832: 110-116).

Өңірді мекендеген қазақтар арасында о дүниелік болған адамға тек қана ас берумен шектелмей, оны әрдайым еске алып отырған. Мәселен, XIX ғ. 40-жылдары Маңғыстауда болған орыс офицері, әскери тарихшы М.И. Иваниннің жазуынша, өлкедегі ескі қабір үсті ескерткіштерінің барлығының дерлік бас жағындағы тасқа ойық жасалған. Жергілікті көшпелілер ойыққа май құйып, өлі аруақтарға арнап шырақ жаққан. Бұдан басқа орыс офицері әулие тұтатын адамдардың моласының үстіне сүйектер үйіліп, арқардың бас сүйегі қойылып, қабірге қадалған сырыққа жүн немесе шүберек маталар байланатындығын атап өтеді. Сондай-ақ, М. Иванин Қаңғы баба мекенінде «Чанке» есімді қазақтың әкесіне арналған ас беруге де қатысып, оларға арналған киіз үй, таратылған ас тағамдарын және ұйымдастырылған күрес ойыны мен ат жарысын сипаттайды (Иванин, 1847: 282-285).

XIX ғ. батыс өңірі қазақтарының өлген адамды жерлеу ғұрпына қатысты келесі бір ерекше мәліметті орыс топографы Алексеев-2 жазбасынан кездестіреміз. Ол 1851-1852 жылдары Үстірттің солтүстік бөлігі мен Жем өзенінің аралығындағы аумаққа зерттеу жұмысын жүргізу барысында, Жем бойындағы «Ақмешіт-Бекет» және «Ақмешіт-Құлжан» жер асты мешіттерінде болып, олар туралы құнды мәліметтер қалдырады. Топограф экспедиция барысында «Ақмешіт-Құлжан» жер асты мешітінің бір бөлмесінен басы солтүстік шығысқа қарай қаратылып, кебінмен көмілмей жатырған адамның мүрдесін көреді (Алексеев 2, 1963: 282).

Батыс қазақтарының салт-дәстүрінде өте сирек кездесетін мұндай жерлеу дәстүрі тек ғана «Ақмешіт-Құлжанмен» шектелмеген секілді. Себебі, топографтың жазбасына қарағанда

«Ақмешіт-Бекетті» салып, Маңғыстаудағы Оғландыдағы мешітіне жерленген Бекет Мырзағұлұлы (1750-1813 жж.) да алғашында осындай кебінмен қойылған ба? деген ойға келеміз. Өйткені, Алексеев-2 жергілікті халық аузынан Бекетке қатысты жинақтаған аңыз әңгімелердің ішінен, «оның ағайындары мен ұрпақтары жыл сайын зиярат етуге келгенде Бекеттің үлкен ұлы қабірге түсіп, әкесінің өсіп тұратын шашы мен мұртын алып тұрады» – деген жолдарды кездестіреміз (Алексеев 2, 1963: 283). Аталған екі мешітті салушылар Бекет пен Құлшан да сопылық өмір сүргендігін ескерсек, оларды жерлеу дәстүрі де о дүниелік болғандардың ұстанған діни-наным сеніміне байланысты орын алған деп есептейміз.

XIX ғасырда қазіргі Батыс Қазақстандағы төрт облыстың алып жатқан ұлан-байтақ аумақтың әкімшілік басқару орталығы Орынбор қаласында орналасты. Осы орайда, Орынбор қазақтарының географиясы мен статистикасына қатысты көлемді еңбек жазған Л. Мейер қазақтардың жерлеу рәсіміне кішкене тақырып арнап, келесідей мәліметтерді келтіреді. Мәселен, қазақтардың салт-дәстүріне сәйкес өлген адамды жуындырғаннан кейін, оған ең жақсы деген көйлегін кигізген немесе кенепке ораған. Егер күйеуі өлсе, әйелі дауыс көтеріп күніне екі мезгіл таңертең және кешке жоқтау айтуы тиіс болған. Молда өлген адамға екі рет, яғни үйінен шығарғанда және жерлеген уақытта дұға оқыған. Л. Мейер одан әрі қабір қазып, жерлеу және қабір үстіне салынған құрылыстарға тоқталады. Оның ішінде моланың ағаштан, тастан, шикі кірпіштен салынатындығын айта отырып, олардың бірқатарында жануарлар мен адамдардың бейнесі салынғандығына орай, мұсылмандық әдет-ғұрыптан ауытқыған деген пікірін білдіреді (Мейер, 1865: 254).

XIX ғ. 70-жылдарынан бастап өңірді мекендеген қазақтардың этнографиясына қатысты мақалаларды жазуға ұлтымыздың зиялы қауым өкілдері де өз үлесін қосты. Олардың ішінде тақырыпқа қатысты ғалым-ағартушы Ы. Алтынсариннің «Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства» атты көлемді мақаласын ерекше атап өткен жөн. Мақалада адамның қайтыс болған уақытынан бастап жасалатын әдет-ғұрыптар мейлінше жан-жақты сипатталған. Оның ішінде марқұмның жаназасын шығару, құран оқыту, молдаға ақы беру, қабірін қазу мен жерлеудің жосын-жоралғыларына тоқталған (Алтынсарин, 1870: 117-119).

Бұдан әрі мақалада аза тұту дәстүрі жақсы сипатталған. Мәселен, ер адамы қайтыс болған үйде әйелі басына қара орамал тағып, күйеуінің ат әбзелдері, қару жарағы мен киген көйлектерін жиып, оның сол жағына ұшы үйден сыртқа қарай шығып көрініп тұратын найза қойылған. Найзаның ұшына мата байланған. Егер қызыл мата байланса, ол қайтыс болған адамның жас екендігін, қара мата болса орта жаста болғандығын, егер байланған мата ақ түсте болса, онда қарт адам өмірден өткендігін білдірген. Автор бұл заттардың барлығы кей жағдайда бір жылдық ас беруіне дейін тұратындығын атап өтеді (Алтынсарин, 1870: 120). Ы. Алтынсарин мақаласының соңында о дүниелік болған адамға ас берумен аяқтайды.

Ағартушының ас беру жөнінде қысқаша жазылған ақпаратына тоқталмағанды жөн көрдік. Себебі, бұл мәселе В. Плотниковтың «Поминки (Ас). Этнографический очерк из быта Зауральских киргизов» атты мақаласында жан-жақты қамтылған. В. Плотников мақаласындағы мәліметтерді өзі қатысып, көзімен көрген жағдайлар бойынша жазғандығын алға тартады. Нақты айтқанда Жаппас руының басқарушысы, жасауыл Құламбаевтың әкесінің қайтыс болғанына бір жыл толуына орай 1860 жылдың шілдесінде Қаракөл деген жерде берілген ас туралы баяндайды. Мақалада асқа дайындық пен оны өткізу жағдайы егжейлі-тегжейлі сипатталған. Автордың жазуынша ас болатыны жөнінде хабар төңіректегі ауылдарға он күн бұрын беріліп, оған қатысушылар екі күн қалғанда келіп, өз үйлерін орналастырған. Оның көлемі 4 шақырымды құрап, бұл аумақта 140 киіз үй мен олардың орта тұсына қарама-қарсы 200 адам сиятын бұқарлық шатыр тігілген. Асқа бір күн қалғанда мал сойылып, келген әрбір үйден Құламбаевтың ауылына сабамен қымыз тартылған. Ас болатын күні оған 5 мыңға дейін адам келіп, әрбір киіз үйге 30-50 адамға дейін жайғасқан (Плотников, 1870: 138-142).

Одан әрі жазбада қонақтардың киіз үйде жасына байланысты отыру, астың таратылу тәртібі мен ас тағамдары сипатталған. Дегенмен, В. Плотниковты таңдандырған ат жарыс пен күрес және оған қойылған жүлде қоры болған деп есептейміз. Себебі, автор мақаласының көп бөлігі осы ұлттық ойындарға арналып, жүлдегерлерге берілетін сыйлықтардың көлемі егжейлі-тегжейлі жазылған (Плотников, 1870: 146-149).

XIX ғ. 80-жылдарындағы Бөкей Ордасы қазақтарының жерлеу дәстүрі туралы мәліметті

этнограф, археолог, антрополог А. Харузиннің «Киргизы Букеевской Орды» атты еңбегінен кездестіреміз. Ғалымның жазуынша, Бөкейлік қазақтар өлген адамды мұсылмандық жолмен, яғни кебінге орап, қабірге табытсыз жерлеген. Қабірді қазуда оған қуыс жасамаған, себебі Нарын құмында мұндай қабір жасау жердің сусымалы топырағына байланысты мүмкін болмаған. Дегенмен, А. Харузин ертеректе батыс қазақтарында мұсылмандықтан өзгеше жерлеу дәстүрі болғандығын жоққа шығармайды. Мысалы, ол 1864 жылы шыққан газеттік материалға сәйкес Жайық сыртындағы бай сұлтанды жерлеу кезінде марқұммен бірге оның қабіріне екі сәйгүлігін бірге көмгендігін келтіреді. Этнографтың ойынша бұл қазақтар арасында XIX ғ. 60-жылдарына дейін пұтқа табынушылық болғандығын көрсеткен. Мұндай дәстүр ежелгі тайпалар арасында болғандығын, өзі 1888 жылы Орда жерінде қазған қорғандарға қарап тұжырымдайды (Харузин, 1889: 104-105).

Жем уезі қазақтарының тарихы мен салт-дәстүрі баяндалған М.А. Леваневскийдің еңбегінде жерлеу мәселесі арнайы кіші тақырып ретінде қарастырылған. Автор өзінің мақаласында өлген адамды жуындыру, жерлеу және ас беру рәсімдеріне толығырақ тоқталған. Мәселен, марқұмды жуындыруға әр рудың өкілдерінен төрттен алты адамға дейін кіретін болған. Қайтыс болған адамды жуындыруда келесідей ереже сақталған. Егер адам жер үйде о дүниелік болса, онда оны жуындыру үшін киіз үйге шығарған, егер ағаштан салынған үйде қайтыс болса, сол жерде жуындыру рәсімін жасаған. Аталған екі жерде де ішілетін тамақтың болмауына назар аударылған. Жуындыру барысында сүйектің басы оңтүстікке, яғни Меккеге қарай қаратылған (Леваневский, 1895: 88).

Одан әрі жаназасын шығару барысында молдамен бірге құран оқитындардың санына тоқталады. Олардың саны бір қатарда жетіден он адамға дейін жетіп, барлығы бес қатар болуы тиіс болған. Одан кейінгі қатарға марқұмның ұрпақтары тұрған. Осылайша, қайтыс болған адамды жерлеуге арналған дұға оқушылар саны молдамен қосқанда жеті қатарды құраған. Молда он минуттай құран оқыған соң, оны жерлеу үшін жақын болса қолмен көтеріп, қашық болса арбаға салып зиратқа апарған. Қабір 2 метр тереңдікте қазылып, оның оңтүстік бөлігі кішкене ойық жасалып, өліктің аяғын шығысқа, басын Меккеге қаратып қойған. Қабірдің бетін ағаш және қамыспен жауып, топырақпен көміп болған соң, молда тағы да құран оқыған. Осы уақытта

марқұмның ұрпақтары бейіт басындағылардың дәрежесіне қарай біреуіне жылқы, келесісіне сиыр мен қой, қалғандарына маталар таратқан (Леваневский, 1895: 89).

Өткен ғасырларда Каспий теңізінің шығыс бөлігіндегі Атырау мен Маңғыстау аймағында көшіп қонған үлкен рудың бірі адайлар болып саналады. Олардың өмір сүру салтына арнайы тоқталған Ю.Т. Лебедевтің мақаласында көшпелілердің жерлеу ғұрпы қысқаша болса да сипатталған. Адайлар адам қайтыс болған соң оны киізге орап, бейіт басына түйеге артып әкелген. Қабірді терең қазбай, өлікті жартылай отырған күйінде жерлеп, үстіне ағаш пен шөп тастап, топырақпен көмген. Одан әрі қабір үстіне шикі кірпіштен немесе тастан киіз үй тәрізді мазар тұрғызған. Мазарлардың ішіне адам еркін кіру үшін, есіктен кіші, терезеден үлкен болып келетін кіретін тесік қалдырған. Себебі, көшпелілер әр көктем сайын мазарларды қарап, жөндеп, қалпына келтіріп отырған. Сондай-ақ, Ю.Т. Лебедев қанша жерден қашық болса да, адайлар өлген адамды рулық зиратқа әкеліп жерлейтіндігін атап өтеді (Лебедев, 1897: 2).

Қазақтардың жерлеу ғұрпына қатысты келесі бір жайт М. Бейсеновтің «Предостережение покойника» мақаласында сипатталған. Автордың жазуынша, қазақтар өлген адамды жерлеп, қабір үстіне топырағын үйіп болғаннан кейін күрек саймандарын тез арада жинап алып, атқа мініп шандатып ауылына дейін жарысып баратын болған. Мұндай қадамды олар былай түсіндірген. Өлген адамды көміп болған соң оған сол бойда Мекір мен Нәкір атты екі періште келіп «Құдайға сендің бе?», «Құдайдың міндеттеген жолымен жүрдің бе?» деген сияқты т.б. сұрақтардың астына алады деседі. Егер марқұм оған дұрыс жауап берсе жұмаққа барады деп ойлаған. Осыған орай атпен шапқандағы ой, тұлпар тұяғының дүбірі өлген адамға жетіп, оның періштелер келгенге дейін оянып, дұрыс жауапқа дайындалу үшін жасалған қадам деп түсіндіріледі (Бейсенов, 1897: 4).

XX ғ. бас кезінде Ішкі Бөкей ордасының І-Теңіз округі қазақтарының денсаулығы мен тұрмысын зерттеген дәрігер Л. Рыбальченко өзінің мақаласында округтегі көшпелілердің жерлеу дәстүріне де назар аударады. Автордың жазуынша, қайтыс болған адамды үйге бір күннен артық ұстамаған. Өлікті жуындырғаннан кейін оны кенепке орап, басынан, кеудесінен және аяғынан үш жерден байлаған. Молда дұғасын оқығаннан кейін сүйекті молаға көму үшін зембилді пайдаланған. Қабірді шағылдардың

ішіндегі алыстан көрінетін биік жерінен қазған. Қабір терең қазылып, жоғары жағы кеңдеу, төменгі жағына жер жағдайына байланысты кішкене қуыс жасап, сүйекті табытсыз қойған. Өліктің басын батысқа, аяғын шығысқа қаратып жатқызып, басын оңтүстікке, яғни Меккеге қарай бұрған. Қуысты тақтай және қамыспен жапқан, оның биіктігін адам тізерлеп құран оқитындай қылған. Бетін шөппен, оның үстін қамыспен, соңынан топырақпен көмген. Қабірінің үстіне шикі кірпіштен немесе қамыс пен құрақтан төрт бұрышты етіп мола салған. Жерлеген соң марқұмның көйлегінің бір бөлігін оны жуындырған адамдарға берілген. Өлік шыққан үйде 3 күн бойы тамақ пісірілмеген, киіз үйге тағамды көршілері қамтамасыз еткен. Ас беру мен қой союды жетінші, қырқыншы және қайтыс болғанына жыл толғанда жасаған (Рыбальченко, 1907: 103).

Маңғыстау қазақтарының жерлеу дәстүріне қатысты келесі мәліметті неміс этнографы Р. Карутцтың монографиясынан кездестіреміз. Ол өзінің еңбегінде қайтыс болған адамды жуындыру, құран оқыту, қабірін қазып жерлеу, ас беру мен бейітін салу мәселелеріне тоқталады. Этнографтың жазуынша, қайтыс болған адамның үйіне кешкісін ағайындары мен жолдастары құран оқып, ас жеген. Қонақтар тарағаннан кейін ағайындары дорбаға ет пен нанды салып, марқұмның басынан айналдырған соң одан дәм татқан. Р. Карутц мұны шамандық кезеңнен қалған дәстүрдің сарқыншағы деп есептейді. Жерлеу ғұрпына келгенде егер адам сол күні күндіз қайтыс болса оны кешке, егер кешке о дүниелік болса ертеңіне жерлеген. Егер адам жолшыбай қыста қайтыс болып, туған топырағында жерлеуді аманат етсе, онда марқұмның өтінішін орындау үшін жолдың қашықтығына қарамастан мүрдесін түйеге артып жеткізген. Әдетте қайтыс болған адамның ер немесе әйел болғанына қарамастан, жерлеуге бейіт басына тек қана ер адамдар барған. Дегенмен, егер жоғарыда аталғандай шалғай жерге немесе жақын жердегі әулие жатқан қорымға жерленетін болса, онда марқұмның әйелі түйемен еріп барған (Карутц, 1911: 118-119).

Зерттеуші одан әрі марқұмды еске алу мақсатында қайтыс болған уақытынан кейін үш, жеті, қырық және жүз күн өткен соң жиналып бас қосатынын, дегенмен ең үлкен ерекше ас жыл толғанда берілетіндігін жазады. Этнограф жылдық астың той секілді өтетін оған жиналғандардың сәнді киімдерін киіп, барлық зергерлік әшекей бұйымдарын тағып, сәйгүліктерін мініп келетініне қарап

бағамдайды. Себебі, ас беру күні тойдағыдай ат шабыс пен өзге де ойындар өткізіліп, марқұм туралы сөз қозғалмай, тіпті зиратына дұға етуге де барылмаған (Карутц, 1911: 119-120).

XX ғ. алғашқы онжылдығында қазақ даласындағы қабір үсті құрылыстары мен қазақтардың жерлеу ғұрпы Орынбор ғылыми архив комиссиясының вице-президенті Ж.А. Кастаньенің «Надгробные сооружения киргизских степей» атты монографиясында жарық көрді. Ғалымның еңбегінде қазақ даласының әр өңіріндегі тақырыпқа қатысты жекелеген авторлардың жазбалары топтастырылған. Олардың ішінде батыс өңірі қазақтарының жерлеу ғұрпына қатысты Н.П. Остроумовтың мақаласынан үзінді келтіріледі. Мақала бойынша, Астраханнан Хиуаға қарай бағыт алған көпес Афросимов жол бойынан өлген адамның етінен сүйегін пышақпен кесіп бөлек айырып, мұқияттап қапшыққа салып жатқан қазақтарды көреді. Жолаушы сұрап білгендей сүйекті жинап жатқандар өлген адам туыстары болған. Марқұм туған жері «Тұманды таудан», яғни Маңғыстаудан жырақта қайтыс болғандықтан, сүйегін ауылына апарып жерлеуге алып кетуге келген. Себебі, аталған қайтыс болған адамға ата-анасы, әйелі мен балалары жоқтау айтпаған. Сол себепті көшпелілер дәстүрі бойынша марқұмды жат жерге қалдырмай, сүйегін болса да еліне апарып арулап көму керек деп түсіндірген (Кастанье, 1911: 95-96).

### Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақтардың жерлеу ғұрпына қатысты қазан төңкерісіне дейінгі еңбектердің басым бөлігі патшалық Ресейге қызмет еткен ғалымдармен, шенеуніктермен және өзге зерттеушілерімен жазылды. Олардың арасында тақырыпқа орыстармен қатар, француз, неміс, қазақ авторлары да қалам тербегендігін айта кеткен жөн. Жарияланған еңбектерде дәстүрлі қазақы ортадағы дүниеден өткен адамды жерлеуге қатысты жосын-жоралғылар мейлінше шынайы баяндалды. Осыған орай, мақалаға негіз болған тарихи-этнографиялық материалдардың барлығы бүгінгі күнге дейін деректік маңызын жойған жоқ.

Мақала АР08856108 «Материалдық емес мұра теориясы контексіндегі отбасылық әдет-ғұрыптың орны (Батыс Қазақстан мысалында)» аясында дайындалды.

### Әдебиеттер

- Алексеев 2. (1963) Топографические описание северной части Усть-Урта и прилегающего к нему пространства до реки Эмбы, составленное корпуса топографов подпоручиком Алексеевым 2. Первые русские научные исследования Устьурта. Москва: Изд-во Акад. наук СССР. 326 с.
- Алтынсарин И. (1870) Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства. Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества. Вып.1, С. 117-122.
- Бейсенов М. (1897) Предостережение покойника. Тургайская газета. №28, С.4.
- Диваев А. (1897) Древне-киргизские похоронные обычаи. Известия Общества истории, археологии и этнографии при Казанском университете. Т. XIV. Вып. 2. С.181-187.
- Ибрагимов И.И. (1876) Очерки быта киргизов. Ч. 1: Поминки. Древняя и Новая Россия. Т. III. №9, Санкт-Петербург, С.51-63.
- Иванин М.И. (1847) Поездка на полуостров Мангышлак в 1846 году. Записки Русского географического общества. Кн.II. С. 267-305.
- Карутц Р. (1911) Среди киргизов и туркмен на Мангышлак. Санкт-Петербург: А.Ф. Девриен, 189 с.
- Кастанье И.А. (1911) Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: Типография Тургайского областного правления. 104 с.
- Лебедев Ю.Т. (1897) Киргизы-адаевцы (Современный очерк). Оренбургский листок. №6, С.1-2.
- Леваневский М.И. (1895) Очерки Киргизских степей (Эмбенского уезда). Землеведение. Кн. II-III. С. 67-100.
- Левшин А.И. (1832) Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.3. Санкт-Петербург : Тип. Карла Крайя, 304 с.
- Мейер Л. (1865) Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Санкт-Петербург: Главное управление Генерального штаба. 288 с.
- Паллас П.С. (1773) Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1. Санкт-Петербург: Имп.Акад. наук, 657 с.
- Плотников В.Н. (1870) Поминки (Ас). Этнографический очерк из быта Зауральских киргизов. Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества. Вып.1, С. 137-150.
- Рыбальченко Л. (1907) Первый Приморский округ Внутренней Букеевской Орды (отчет окружного врача Л. Рыбальченко). Чума Астраханского края, ее эпидемиология и обзор правительственных мероприятий в связи с историческим ходом развития чумы в Астраханском крае и движением ее до 1906 г. и медико-санитарное описание киргизских степей внутренней Букеевской орды по данным поголовного осмотра населения и материалам, собранным отрядом врачей, призванных на борьбу с чумой в эпидемию 1900-1901 гг. Его высочеством принцем Александром Петровичем Ольденбургским: С прил. карты Букеев. орды, сост. по крокам врачей отряда: В 3 ч. Санкт-Петербург: Тип. Мор. Москва, Ч. 2. С.61-122.
- Харузин А.Н. (1889) Киргизы Букеевской орды (Антрополого-этнологический очерк). Вып.1. Москва: Тип. А. Левенсон и К°, 586 с.

### References

- Alekseev 2. (1963) Topograficheskie opisaniye severnoy chasti Ust'-Urta i prilagajushhego k nemu prostranstva do reki Jemby, sostavlennoye korpusa topografov podporuchikom Alekseevym 2 [Topographic description of the northern part of Ust-Urta and the adjacent territory up to the Emba River, compiled by a corps of topographers by Lieutenant Alekseev 2.] First Russian scientific research of Ustyurt. Moscow: Publishing house of Acad. Sciences of the USSR. 326 p.
- Altynsarin I. (1870) Ocherk obychaev pri pohoronah i pominkah u kirgizov Orenburgskogo vedomstva [Essay of customs at funerals and commemorations of Kirghiz people of the Orenburg institution] Notes of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society. Issue 1, pp. 117-122.
- Beisenov M. (1897) Predosterezhenie pokojnika [A warning from the deceased] Turgai newspaper. No. 28, P.4.
- Divaev A. (1897) Drevne-kirgizskie pohoronnye obychai [Ancient Kyrgyz funeral customs] News of the Society of History, Archeology and ethnography at Kazan University. T. XIV. Issue 2.P.181-187
- Ibragimov I.I. (1876) Ocherki byta kirgizov. Ch. 1: Pominki [Essays about the life of the Kirghiz people. Part 1: Wake.] Ancient and New Russia. T. III. No. 9, Saint Petersburg, pp. 51-63
- Ivanin M.I. (1847) Poezdka na poluostrov Mangyshlak v 1846 godu [A trip to the Mangyshlak island in 1846] Notes of the Russian Geographical Society. Book II. pp. 267-305.
- Karutz R. (1911) Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlak [Among the Kirghiz and Turkmens in Mangyshlak] St. Petersburg: A. F. Devrien, 189 p.
- Kastan'e I.A. (1911) Nadgrobnye sooruzheniya kirgizskih stepej [Gravestones of the Kyrgyz steppes] Orenburg: Printing house of Turgaysky regional government. 104 p.
- Kharuzin A.N. (1889) Kirgizy Bukeyevskoy ordy (Antropologo-jetnologicheskij ocherk) [Kirghiz people of Bukeyevskaya horde (Anthropological and ethnological essay)] Issue 1. Moscow: Type. A. Levenson and Co., 586 p.
- Lebedev Yu.T. (1897) Kirgizy-adaevcy (Sovremennyj ocherk) [Kirghiz-adayevtsy (Modern essay)] Orenburg leaflet. No. 6, P.1-2.
- Levanevsky M.I. (1895) Ocherki Kirgizskih stepej (Jembenskogo uezda) [Essays of the Kyrgyz steppes (Embensky district)] Geography Book. II-III. pp. 67-100.

Levshin A.I. (1832) *Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepej* [Description of the Kyrgyz-Cossack, or Kyrgyz-Kaysak hordes and steppes]. Part 3. Saint Petersburg: Type. Karla Kraja, 304 p.

Meyer L. (1865) *Materialy dlja geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami general'nogo shtaba. Kirgizskaja step' Orenburgskogo vedomstva* [Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. Kyrgyz steppe of the Orenburg department] Saint Petersburg: Main Directorate of the General Staff. 288 p.

Pallas P.S. (1773) *Puteshestvie po raznym provincijam Rossijskoj imperii* [Travel to different provinces of the Russian Empire] Part 1. Saint Petersburg: Imp.Acad. science, 657 p.

Plotnikov V.N. (1870) *Pominki (As). Jetnograficheskij ocherk iz byta Zaural'skih kirgizov* [Funerals (As). Ethnographic essay from the life of the Trans-Ural Kyrgyz people] Notes of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society. Issue 1, pp. 137-150.

Rybalchenko L. (1907) *Pervyj Primorskij okrug Vnutrennej Bukeevskoj Ordy (otchet okružnogo vracha L. Rybal'chenko). Chuma Astrahanskogo kraja, ee jepidemiologija i obzor pravitel'stvennyh meroprijatij v svjazi s istoricheskim hodom razvitija chumy v Astrahanskom krae i dvizheniem ee do 1906 g. i mediko-sanitarnoe opisanie kirgizskih stepej vnutrennej Bukeevskoj ordy po dannym pogolovnogo osmotra naselenija i materialam, sobrannym otrjadom vrachej, prizvannyh na bor'bu s chumoj v jepidemiju 1900-1901 gg. Ego vysochestvom princem Aleksandrom Petrovichem Ol'denburgskim : S pril. karty Bukeev. ordy, sost. po krokam vrachej otrjada* [First Primorsky District of the Inner Bukeevskaya Horde (report of the district doctor L. Rybalchenko). Plague of the Astrakhan Territory, its epidemiology and a review of government measures in connection with the historical course of the development of plague in the Astrakhan Territory and its movement up to 1906 and a medical and sanitary description of the Kyrgyz steppes of the internal Bukeev Horde based on data from a general survey of the population and materials collected by part of doctors called to fight the plague during the epidemic of 1900-1901., called by His Highness Prince Alexander Petrovich of Oldenburg: With adj. Bukeev maps. hordes, comp. according to the doctors: At 3 o'clock.] Saint Petersburg: Type. Mor. Moskva, Ch. 2. pp. 61-122.